

**ФУНКЦИОНАЛЬДЫ МҮМКІНДІКТЕРІ
БҰЗЫЛҒАН ПАЦИЕНТТЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ
ТУЫСТАРЫН КҮТІМ ШАРАЛАРЫНА
ОҚЫТУДАҒЫ ТРЕНЕРЛЕРДІ ДАЙЫНДАУ**

САҒАЛНАМА





*ҚЫЗЫЛОРДА ЖОҒАРЫ
МЕДИЦИНАЛЫҚ
КОЛЛЕДЖІ*

*“МЕЙІРІМ” КҮТІМ
ОРТАЛЫҒЫ*

Бағдарлама кестесі

№	Тақырып	Күні
1	Адамның негізгі қажеттілігі Үй жағдайындағы мейіргерлік күтім	1 күн
2	Пациентке гигиеналық процедураларды ұйымдастыру	2 күн
3	Ойылудың алдын алу	3 күн
4	Оңалту шаралары	4 күн
5	Үй жағдайында күтім жасауда кездесетін ең жиі мәселелер Эргономика	5 күн

**Адамның негізгі
қажеттіліктері
Негізгі қажеттіліктерге әсер
ететін факторлар**

**Адамның негізгі қажеттіліктерінің
қандай түрлері бар ?**

Адамның қажеттіліктері

Физиологиялық қажеттіліктер

Адамның тіршілік етуіне тікелей қажетті базалық қажеттіліктер:

- Тамақ, су, ауа, ұйқы, жылу, баспана, жыныстық қажеттілік



Әлеуметтік (қатыстылық) қажеттіліктер

Адамның қоғаммен байланысқа деген қажеттілігі:

- Достық, махаббат, отбасы, қоғамда бір топқа тиесілі болу



Рухани / психикалық


адамның ішкі әлеміне, мағынаны сезінуге, жан тыныштығына және психологиялық үйлесімге байланысты жоғары деңгейлі қажеттіліктер



Интеллектуалды

Адамның жеке мүмкіндіктерін толық ашуы:

- Шығармашылық, өзін дамыту, қабілетін іске асыру, өмірлік мақсатқа қол жеткізу



Мейіргер ісіндегі негізгі "қажеттілік" ұғымы

- Адамның негізгі қажеттіліктері бар.
- Егер адам өз қажеттіліктерін қанағаттандыра алса, дені сау болып саналады.
- Күтім адамның қажеттіліктерін қанағаттандыруға көмектеседі.
- Қоршаған орта адамның негізгі қажеттіліктерді қанағаттандыру қабілетіне әсер етеді.



Бір қажеттілік
қанағаттандырылғаннан кейін,
әдетте адам ұмтылатын келесі
қажеттілік туындайды!



Негізгі қажеттіліктерге әсер ететін факторлар

Физиологиялық факторлар (ауру, шаршау, ауырсыну, белсенділіктің жоғалуы, жеткіліксіз тамақтану және демалу).

Эмоционалды факторлар (ашу, қорқыныш, тәжірибе).

Интеллектуалды факторлар (ақпараттың болмауы, білімнің болмауы немесе кез-келген мәселені түсінбеу).

Әлеуметтік факторлар (қарым-қатынастағы проблемалар, басқа адамға реніш, жалғыздық).

Қоршаған орта факторлары (температураның күрт өзгеруі, ластану).

Жеке факторлар (адамның әдеттері, сенімдері, құндылықтары және өмірлік тәжірибесі).

Мәдени факторлар (басқа әлеуметтік топтар қабылдамауы мүмкін белгілі бір топтың құндылықтары мен сенімдері, сондай-ақ айқын жыныстық ауытқулар).

Әр адамда ең маңызды қажеттіліктер туралы түсінік әр түрлі болуы мүмкін!


Бұған әсер етеді:

- ата-аналардың әсері;
- алдыңғы өмірлік тәжірибе;
- әлеуметтік-экономикалық жағдайлар.



Қанағаттандырылмаған негізгі қажеттіліктер әртүрлі проблемаларды тудыруы мүмкін:

- **Психологиялық**-мазасыздық, үмітсіздік, тәуелділік, қарым-қатынастағы қиындықтар.
- **Физиологиялық**-әдеттегі жұмысты орындай алмау.
- **Әлеуметтік**-жұмыстың жоғалуы, материалдық жағдайдың күрт нашарлауы.



Өзіне — өзі қызмет көрсету-бұл пациенттің өмірін, денсаулығын және әл-ауқатын сақтау үшін өз пайдасына жасайтын тәуелсіз әрекеттерінің жиынтығы.



Abrahams Maslovs
(1908-1970)

Авраам Маслоу бойынша адамның қажеттіліктері иерархиясының схемасы (1954) схемасы-Маслоудың қажеттіліктер пирамидасы

5 деңгей-өзін-өзі жүзеге асыру қажеттілігі:

Мақсатқа жету үшін өзінің қабілеттерін пайдаланады.

Басқалардың бағалауы маңызды емес;

Бұл қажеттіліктің түпкілікті қанағаттануы жоқ.

4 деңгей-өзін-өзі бағалау (өзін-өзі бағалау)қажеттілігі:

Өзін-өзі бағалауды растайтын басқа адамдардан тану.

3 деңгей- меншік пен сүйіспеншілікке деген қажеттілік:

Достық, отбасы, жақындық.

2 деңгей – қауіпсіздік қажеттілігі:

Физикалық қауіпсіздік, өмір сүруге қауіпсіздік, өмір сүру жағдайларының тұрақтылығы.

1 деңгей (базалық деңгей) – физиологиялық қажеттіліктер:

Жеке адамның өмір сүруі үшін қанағаттандырылады.



- **1 топша – физиологиялық қажеттіліктер**
- **2 топша - рухани-психикалық қажеттіліктер**
- **3 топша - әлеуметтік қажеттіліктер**
- **4 топша – интеллектуалды қажеттіліктер**

Маслоу пирамидасында көрсетілген қажеттіліктерге сүйене отырып, келесі ақпаратты алуға болады:

1. Тыныс алу;	<ul style="list-style-type: none">•Жиілігі, тыныс алу бұзылыстарының болуы, тереңдігі, ырғағы;•Ентігу, жату немесе отыру жағдайы әсер ете ме; темекі шегеді ме, неше рет;•Тыныс алу кезінде қандай дыбыстар естіледі;•Жөтел бар ма, құрғақ немесе қақырықпен;•Қақырық мөлшері, құрамы, түсі;•Кеуде қуысы үлкейген бе?
2. Жүрек соғысы;	<p>Тамыр соғысы/мин, күшті, әлсіз, ретсіз ырғақ ; Қан қысым көрсеткіші, жатқанда және тұрғанда; Жүрек шуы; Жүрек аймағындағы ауырсыну; Капиллярларды толу жағдайы; Дене бөліктерінің ісінуі бар ма, мысалы, аяқтарда, саусақтарда, көздің астында; Тері түсі-бозғылт, қызғылт, көкшіл; Қабылданған дәрі-дәрмектер .</p>
3. Температура;	<p>Дене температурасы өлшенеді; Соңғы күндері жоғары температура болдыма</p>
4. Тамақтану және сұйықтық тарихы;	<p>Бойы мен салмағы; Соңғы уақытта салмақ жоғалту немесе жоғарылау, дәл қанша; Тістердің жағдайы; Жұтылу бұзылыстары; Тамақтану — жеткілікті, жеткіліксіз; Ол қандай тағамдарды пайдаланады және қайсысы қиындық тудырады? Соңғы рет қашан тамақтанды; Терінің серпімділігі; Жүрек айну/құсу.</p>
5. Бөліп шығару (ағзадан қалдықтарды шығару);	<p>Ішек соңғы рет қашан тазартылды; Ішектің жұмысын қалай сипаттайды және босату қаншалықты жиі жүреді; Қазіргі ауру ішектің жұмысына қалай әсер етеді; Зәр шығару режимі қандай, қаншалықты жиі және қандай көлемде; Зәр шығаруды қиындататын факторлар бар ма?</p>

Маслоу пирамидасында көрсетілген қажеттіліктерге сүйене отырып, келесі ақпаратты алуға болады:

6. Ұйқы және демалу;	<p>Қай уақытта ұйқыға жатады және қанша уақыт ұйықтайды; Ұйқыдан кейін өзін сергек сезінеді ме; Ұйықтауға қандай әрекеттер ықпал етеді, мысалы: ашық терезе, жылы ванна, бір кесе жылы шай; Ұйқыға арналған дәрі-дәрмектер, мысалы, дәрі-дәрмектер қабылдай ма; Қалай демалады.</p>
7. Ауырсынуды бағалау;	<p>Ауырсыну бар ма; Ол қайда және қашан ауырады; Ауырсынуды қалай сипаттайды; 1-ден 10-ға дейінгі ауырсыну шкаласын қолдана отырып, ауырсынуға қандай балл береді; Ауырсыну кезінде өзін қалай ұстайды; Бұл ауырсынуды азайтуға не көмектеседі.</p>
8. Жыныстық өмір және босану тарихы;	<p>Соңғы етеккір күні; Менструальдық цикл қандай (қанша күн); Соңғы етеккір кезіндегі көлемі; Менструацияда немесе жыныстық өмірде қиындықтар бар ма; Қанша жүктілік және босану болды; Жүктілікті ұзу болды ма, қанша; Контрацептивтерді қолдана ма және қайсысы; Соңғы рет қашан сүт безін тексеру және жатыр мойны жағындысы жасалды; Кеудеге өзін-өзі тексеру қаншалықты жиі жүргізіледі; Ер адамдар үшін-простата мен аталық без тексерілген кезде.</p>
9. Бос уақыттағы белсенділік, сабақтар;	<p>Бос уақытты қалай өткізеді; Қандай да бір жаттығулар жасайды ма.</p>

Маслоу пирамидасында көрсетілген қажеттіліктерге сүйене отырып, келесі ақпаратты алуға болады:

10. Қауіпсіздік және қорғау қабілеттері	Бағдарлау қабілеттері қандай; Сұрақтарға дұрыс жауап бере ме; Көзілдірік, есту аппараты және т. б. сияқты кез келген сенсорлық көмекші құралдарды қолдана ма.; Ол тұратын ортада өзін қаншалықты қауіпсіз сезінеді.
11. Махаббат және меншік;	Отбасылық жағдай, мысалы: некеде тұр ма, балалары, ата-аналары бар ма; Отбасы мүшелерінің қайсысы бірге тұрады; Пациентті ауруханаға немесе медициналық мекемеге үйіндегі адамдардан біреуі алып барды ма.
12. Өзін-өзі бағалау;	Өзін-өзі бағалау (сұрақтар қойылмайды): Пациенттің өзін және оның жағдайын сипаттауын қадағалаңыз.
13. Өзін-өзі дамыту.	Өзін-өзі дамыту (сұрақтар қойылмайды): Пациенттің өзі және оның жетістіктері туралы не айтатынына назар аударыңыз.
14	

**Пациенттер күтім деңгейлеріне
қалайқалай бөлінеді?**

Күтім деңгейлерінің сипаттамасы

1 деңгей

- Өзінің қажеттіліктері мен денсаулық жағдайына сәйкес өзіне-өзі қызмет көрсетуге қабілетті.
- Күтім әрекеттері**-өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын дамытуға бағытталған білім беру әрекеттері.

2 деңгей

- Өзінің қажеттіліктері мен денсаулық жағдайына сәйкес өзін-өзі күтуге қабілетті, бірақ бұл қабілеттердің төмендеу қаупі бар.
- Күтім әрекеттері**-тұтынушы өзіне-өзі қызмет көрсету қабілетін жоғалтпауы және оның қажеттілігін сәтті жеңе алуы үшін қолдау әрекеттері.

3 деңгей

- Өзіне -өзі қызмет көрсету қажеттіліктері өзіне-өзі қызмет көрсету қабілетінен асып түседі: өзіне-өзі қызмет көрсетудің белгілі бір әрекеттерін орындау қабілеті бұзылған, соның ішінде пациенттің өзіне-өзі қызмет көрсету қажеттілігін бағалау, шешім қабылдау және әрекеттерді бақылау мүмкіндігі.
- Күтім әрекеттері**-бұл өз бетінше орындау қабілеті шектеулі пациент үшін ішінара өтемдік өзіне-өзі қызмет көрсету әрекеттері.

4 деңгей

- Өзіне -өзі қызмет көрсету қабілетінің айқын жетіспеушілігі-өзіне-өзі қызмет көрсету әрекеттерін орындау мүмкіндігі.
- Күтім әрекеттері**-клиенттің қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін өзін-өзі күту әрекеттерін толығымен өтеу.

Үй жағдайындағы мейіргерлік күтім

ҮЙ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ Күтім ҚОЛЖЕТІМДІ, САПАЛЫ ЖӘНЕ КӘСІБИ КӨМЕККЕ МҰҚТАЖ ӘРБІР АДАМҒА ОСЫНДАЙ ҚЫЗМЕТТИ ҰСЫНАТЫН БАСЫМ БАҒЫТТАРДЫҢ БІРІ БОЛЫП САНАЛАДЫ.



ҮЙ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ КҮТІМНІҢ АРҚАСЫНДА АДАМ ӨЗІ ҮЙРЕНІСКЕН ОРТАДА, ЖАҚЫН ЖАНДАРЫНЫҢ ҚАСЫНДА БИҒАЙЛЫЛЫҚТЫ, ҚАУІПСІЗДІКТІ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІКТІ САҚТАП ҚАЛА АЛАДЫ.

ҮЙ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ КҮТІМ МЫНАДАЙ БАҒЫТТАРДЫ ҚАМТИДЫ:

- пациенттің тұрғылықты жерінде медициналық көмек көрсетуді қамтамасыз ету.
- Үй жағдайындағы күтім қысқа мерзімді де, ұзақ мерзімді де кезеңге арналған болуы мүмкін.
- Бұл қызмет стационардан шыққаннан кейін күтімді жалғастыруға немесе созылмалы аурулары бар пациенттерді ерте ауруханаға жатқызудың алдын алуға мүмкіндік береді.
- Үй күтімі көптеген пациенттер үшін стационарлық күтімге балама бола алады, өйткені ол үздіксіз күтімді қамтамасыз етеді және әсіресе созылмалы әрі жазылмайтын аурулары бар пациенттерге қамқорлық жасауда маңызды рөл атқарады.

ҚАНДАЙ ПАЦИЕНТТЕРГ Е АРНАЛҒАН?:

- * ЖАТЫРҒАН КҮЙДЕ ЖАТҚАН, ҚАТЕРЛІ ІСІГІ БАР ПАЦИЕНТТЕР;
- * ПСИХИКАЛЫҚ АУЫТҚУЛАРЫ БАР ПАЦИЕНТТЕР;
- * ЖАРАЛЫ ТӨСЕК (ПРОЛЕЖЕНЬ) ПАЙДА БОЛҒАН, ҚИМЫЛ-ҚОЗҒАЛЫСЫ ШЕКТЕУЛІ ПАЦИЕНТТЕР;
- * САЛ АУРУЫ (ЦЕРЕБРАЛДЫ ПАРАЛИЧ) МЕН БАСҚА ДА САЛДАНУ СИНДРОМДАРЫ БАР ПАЦИЕНТТЕР;
- * РЕСПИРАТОРЛЫҚ ТЕРАПИЯНЫ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ПАЦИЕНТТАР, СОНДАЙ-АҚ ТУБЕРКУЛЕЗБЕН НЕМЕСЕ ВИЧ/ЖИТС-ПЕН АУЫРАТЫНДАР;
- * ОТАДАН КЕЙІН АУРУХАНАДАН ШЫҚҚАН ПАЦИЕНТТЕР;
- * ҮЙДЕ КҮТІМДІ ОТБАСЫЛЫҚ ДӘРІГЕРДІҢ НҰСҚАУЫМЕН АЛУЫ ТИІС ПАЦИЕНТТЕР.

**"Үй жағдайындағы күтімнің" мақсаты
күтімнің қандай аспектілерін құрайды?**

"Үй жағдайындағы күтімнің" мақсаты күтімнің үш негізгі аспектісін қамтиды:

- 1. ****Этикалық аспект**** – пациенттің қадір-қасиетін, құқықтары мен жеке өміріне деген құрметті сақтау; адамгершілік қағидаттарға сай көмек көрсету.
- 2. ****Өзін-өзі күту аспектісі**** – пациенттің өз бетінше әрекет ету, өзін күту қабілетін сақтауға және дамытуға жағдай жасау.
- 3. ****Әлеуметтік аспект**** – пациенттің қоғаммен байланысын сақтау, әлеуметтік оқшауланудың алдын алу және психоэмоционалды қолдау көрсету.
-

Үй жағдайындағы күтімнің негізгі қағидаларын қамтамасыз етіп, мақсатқа жету тек әртүрлі мамандық иелері арасындағы бірлескен ынтымақтастық арқылы мүмкін болады!!!

- ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНДАҒЫ МАМАНДАР (МЕЙІРГЕРЛЕР, ДӘРІГЕРЛЕР, ДӘРІГЕР КӨМЕКШІЛЕРІ, МЕЙІРГЕР КӨМЕКШІЛЕРІ ЖӘНЕ КҮТУШІЛЕР),
- ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР, ПСИХОЛОГТАР,
- ДІН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ӨКІЛДЕРІ,
- ФИЗИОТЕРАПЕВТЕР, ДИЕТОЛОГТАР ЖӘНЕ БАСҚА ДА МАМАНДАР.



**Үй жағдайында пациенттерге күтім жасауда
туындайтын мәселелер:**

Үй жағдайында пациенттерге күтім жасауда туындайтын мәселелер:

Физикалық мәселелер:

ауру, шаршау, әлсіздік, тәбеттің жоғалуы және кахексия (жедел арықтау), тыныс алу жүйесінің бұзылыстары (ентігу және жөтел), асқазан-ішек жолдарының бұзылыстары (жүрек айну, құсу, іш қату, іш өту), жүрек-қантамыр жүйесінің бұзылыстары (ісіну, қан кету, стенокардия), несеп шығару жүйесінің бұзылыстары (несепті ұстай алмау, несептің кідіруі), неврологиялық және психикалық бұзылыстар (сезімталдық пен қозғалыстың бұзылуы, ұйқысыздық, қорқынышты түстер, қозу және т.б.), ауыздың құрғауы, ұзақ уақыт жазылмайтын жаралар, улану және басқа да белгілер.

РУХАНИ ҚАЖЕТТІЛІКТЕР

ӨМІРЛІК ТӘЖІРИБЕГЕ, ДҮНИЕТАНЫМҒА ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА — СЕНІМГЕ, ҮМІТКЕ, ДЕНСАУЛЫҚҚА, СҮЙІСПЕНШІЛІККЕ ЖӘНЕ Т.Б. БАЙЛАНЫСТЫ. БҰЛ — ӨМІРДІҢ МАҚСАТЫ МЕН МӘНІНЕ, ҮЙЛЕСІМДІЛІККЕ, КЕШІРІМ МЕН СҮЙІСПЕНШІЛІККЕ, СОНДАЙ-АҚ ҮМІТКЕ ДЕГЕН ҚАЖЕТТІЛІК.

ПАЦИЕНТ ӨЗ ӨМІРІН ЕСКЕ АЛЫП, ӨМІРІНІҢ МАҒЫНАСЫ ТУРАЛЫ ОЙЛАЙДЫ. ПАЦИЕНТКЕ РУХАНИ КҮТІМ КӨРСЕТУ — ОНЫҢ РУХАНИ СЕНІМДЕРІ МЕН ДӘСТҮРЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТПЕН ҚАРАУ, СОНДАЙ-АҚ БОЛАШАҚҚА ҚАТЫСТЫ БЕЛГІСІЗДІК ПЕН ТҮСІНІКСІЗДІКТІ ҚАБЫЛДАУҒА КӨМЕКТЕСУ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР:

ЭМОЦИЯЛЫҚ ҚИЫНДЫҚТАР МЕН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚИНАЛЫСТАР (ОЛАР ЕМДЕЛМЕЙТІН АУРУДЫҢ ПРОГРЕССИЯСЫМЕН ЖӘНЕ ЖАҚЫНДАП КЕЛЕ ЖАТҚАН ӨЛІМДІ ҚАБЫЛДАУМЕН БАЙЛАНЫСТЫ).

ПАЦИЕНТТАРДА ӘДЕТТЕ КЕЛЕСІ ЖАҒЫМСЫЗ СЕЗІМДЕР БАСЫМ БОЛАДЫ:

- ТРЕВОГА, АПАТИЯ, КІНӘ СЕЗІМІ, ӨЗІНЕ СЕНІМСІЗДІК ЖӘНЕ ӨМІРДІҢ МӘНСІЗДІГІ.
- ОЛАРҒА ӨМІР ӘДІЛЕТСІЗ КӨРІНЕДІ, ОЛАРДЫ ӨРТҮРЛІ ҚОРҚЫНЫШТАР МАЗАЛАЙДЫ
- (АУРУДЫҢ ҮДЕУІ, АУЫРСЫНУ, ӨЛІМ АЛДЫНДАҒЫ ҚОРҚЫНЫШ).
- ПАЦИЕНТТАР ҚАЙҒЫНЫ, КЕЙДЕ СУИЦИД ТУРАЛЫ ОЙЛАРДЫ БАСТАН ӨТКЕРЕДІ
- ЖӘНЕ БАСҚА ДА ЖАҒЫМСЫЗ ЭМОЦИЯЛАРДЫ СЕЗІНЕДІ,
- БҰЛ СЕЗІМДЕР КҮН САЙЫН ӨЗГЕРІП ОТЫРУЫ МҮМКІН.

ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР

АУРУ ПАЦИЕНТТІҢ СЕРГІМЕН, ДОСТАРЫМЕН ЖӘНЕ ӘРІПТЕСТЕРІМЕН СЕКСУАЛДЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНА ӘСЕР ЕТЕДІ. ӘЛЕУМЕТТІК ІС-ШАРАЛАРҒА ҚАТЫСУ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫНА АРАЛАСУ МҮМКІНДІГІ ТӨМЕНДЕЙДІ. ПАЦИЕНТ ӘЛСІЗ БОЛЫП, БОЛЫП ЖАТҚАН НӘРСЕГЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ ЖӘНЕ ҰЗАҚ УАҚЫТ НАЗАР АУДАРУ ҚАБИЛЕТІН ЖОҒАЛТАДЫ. АДАМДАРҒА ЖӘНЕ ЗАТТАРҒА ҚАТЫСТЫ КӨЗҚАРАС ӨЗГЕРЕДІ, КЕЙБІР ДОСТАРЫ АУРУДЫ ТҮСІНБЕЙ, АРАЛАРЫН СУЫТАДЫ. КӨПТЕГЕН ПАЦИЕНТТАР АУРУЫНАН ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУЫН, ӘЛЕУМЕТТІК МӨРТЕБЕСІН ЖОҒАЛТЫП, ӨЗДЕРІН ТАСТАП КЕТКЕН ЖӘНЕ ЖАЛҒЫЗ СЕЗІНЕДІ.

ПАЦИЕНТТЕРГЕ ЕҢ ТІКЕЛЕЙ ӘСЕР ЕТЕТІН ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕ — ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙДЫҢ НАШАРЛАУЫ.

Қауіпсіздік батырмасы қызметі


- Қауіпсіздік батырмасы орталығы — тәулік бойы (24 сағ)
- Қажетті көмек – қызметті ұйымдастыру



Қозғалыс датчигі





...лу
және оператормен сөйлес



Тек қауіпсіздік батырмасын басқанда





Пациентті оқыту- мейіргерлік істің негізгі міндеті болып табылады.

Пациентті оқыту- мақсатты түрде ұйымдастырылған, жоспарлы және жүйелі түрде жүзеге асырылатын дағдыларды тәжірбиелі тұлғаның көмегімен меңгеру процесі

Оқыту кестесі 5 этаптан құралады:

1. Пациент туысының білім деңгейін бағалау. Пациент қажеттілігін анықтау;
2. Пациент есте сақтағанша қайталау. ;
3. Пациент игеру керек іс –шараны көрсету;
4. Пациенттің қайталауы;
5. Пациенттің іс – шараны қайталап көрсетуі.

Оқыту барысында пациент қызығушылығын ояту қажет және әңгімелесуде сұрақ – жауап болғаны дұрыс.

Әрбір этап пациент толық игергенше қайталануы мүмкін. Мейіргер пациентке берген ақпаратты дұрыс түсінгеніне көз жеткізу керек.

ТӨСЕК ҚАЛПЫНДАҒЫ ПАЦИЕНТ КҮТУШІСІН БАҒАЛАУ ПАРАҒЫ

Бағаланушының аты-жөні: _____

Бағалаушы: _____

Бағалау күні: _____

1. Гигиена және тері күтімі

№	Бағалау критерийі	Иә	Жоқ	Жартылай білемін
1	Пациенттің терісін тазалау ережелерін біледі	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	
2	Ойылудың алдын алу әдістерін біледі	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	
3	Тері жағдайындағы өзгерістерді таниды	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	
4	Гигиеналық құралдарды дұрыс қолданады	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	

2. Қалып өзгерту және қозғалыс қауіпсіздігі

№	Бағалау критерийі	Иә	Жоқ	Жартылай білемін
5	Пациенттің қалпын өзгерту жиілігін біледі (2 сағат сайын)	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	
6	Пациентті қауіпсіз аудару техникасын меңгерген	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	
7	Қозғалыс кезінде жарақаттың алдын алады	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	
8	Пациентті отырып-тұруға қауіпсіз көмек көрсете алады	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	

3. Тамақтандыру және сұйықтық беру

№	Бағалау критерийі	Иә	Жоқ	Жартылай білемін
9	Тамақтандыру алдындағы дайындықты біледі	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	
10	Пациентке тұншығып қалмау үшін дұрыс қалпын береді	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	
11	Тамақтан кейінгі дұрыс қалпын сақтайды	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	
12	Сұйықтық қабылдауын бақылау әдістерін біледі	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	

4. Асқынуларды тану және әрекет ету

№	Бағалау критерийі	Иә	Жоқ	Жартылай білемін
13	Ойылудың ерте белгілерін біледі	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	
14	Дене қызуы, тыныс, пульс өзгерістерін түсінеді	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	
15	Асқыну қаупінде медициналық қызметкерге хабарлау тәртібін біледі	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	

5. Қауіпсіздік және қоршаған ортаны ұйымдастыру

№	Бағалау критерийі	Иә	Жоқ	Жартылай білемін
16	Төсектің биіктігін, жақтауларын дұрыс қолданады	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	
17	Құлап кетудің алдын алу шараларын біледі	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	
18	Қауіпсіз және таза орта ұйымдастыра алады	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	

№	Бағалау критерийі	Иә	Жоқ	Жартылай білемін
19	Пациентпен сыпайы, түсінікті тілде сөйлейді	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	
20	Пациенттің психологиялық жай-күйін ескеріп қарым-қатынас жасайды	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	

Бағалау

Бағалау деңгейі	Сипаттамасы
Жеткілікті	16–20 критерий «Иә»
Жеткілікті емес (жартылай)	10–15 критерий «Иә»
Жеткіліксіз	0–9 критерий «Иә»

Жалпы қорытынды

Қорытынды: _____

Ұсыныстар: _____

Назар аударғаныңыз үшін
рахмет!

